


**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
«Әдістемелік кабинет» КММ
ЖШС«Бопай» балабақшасы**



Ақтөбе қаласы білім бөлімінің

«15 09» 2020 жылғы

№ 573 бұйрығымен

Б Е К І Т І Л Д І

БАҒДАРЛАМА

«Жақсы бала осындай»

(ересек тобы)

Ақтөбе-2020 жыл

1. Бағдарламаның негізі: Богуславская Н.Е. мен Купинаның Н.А. «Веселый этикет» (учебное пособие по развитию коммуникативных способностей ребенка) –Екатеринбург «ЛИТУР» 2002г; Жанаеваның Ж.Ж. «Әдептану» ертегілері әдістемелік құралдары. «Ақтобе»-2010ж

Құрастырғандар: С.Е. Имашева ; А.А. Тулепова.

ЖШС «Бопай» балабақшасының педагогикалық кеңесі
отырысында «Жақсы бала-осындай» бағдарламасы талқыланды.

Хаттама № 1



«28» тамыз 2020жыл

ЖШС«Бопай» балабақшасының меңгерушісі:

Жумашева Б.А.

Қалалық сараптау комиссиясының отырысында «Жақсы бала-осындай» бағдарламасы мақұлданды және бекітілді.

Хаттама № 3

«14» 09 ————— 2020жыл



Сараптау комиссиясы төрайымы

Шалабаева Ж.Б.

Түсінік хат

Мектепалды даярлық тобына арналған қарапайым математикалық түсініктерді дамыту жөніндегі бағдарламаларда балалардың алдыңғы топтарда алған білімдерін жалпылау, жүйелеу, бекіту, кеңейту және тереңдету қаралған. Балалар мектеп табалдырығын аттайтын кезеңге қарай жиын мен сан, пішін мен шама туралы өзара байланысы бар түсініктерді меңгеруі, кеңістік пен уақытты бағдарлай білуі тиіс.

Өзектілігі: Баланың қабілетін қаншалықты ерте ашып, дамытса, оның нәтижесінде, соншалықты жемісті болады. Математикалық байланыстар мен байланыстылық туралы түсінік қалыптастыру, тиісті амалдарды меңгеру мектепалды даярлық тобындағы балалардың көрнекі – бейнелі ойлау қабілетін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді. Балалар көзбен көріп, іштей есептеуге үйренеді, олардың көз мөлшері, пішінді шамалау жылдамдығы арта түседі. Бұл жас мөлшерінде ойлау қабілетін, ойлау дербестігін дамыту, талдау, салыстыру, қорыту секілді ойлау әрекеттерін дамытудың да маңызы зор.

Бағдарламаның мақсаты:

- балалардың математика негізі туралы білімдерін тиянақтай отырып санай білуге, санның құрамын ажырата білуге, сандарды салыстыра білуге үйрету;
- қосу, алу таңбаларын ажырата білуге және қолдана білуге жаттықтыру;
- уақытты, кеңістікті бағдарлай білуге дағдыландыра отырып, тура және кері санай білуді меңгерту және ойын есептер арқылы санай білуге, санамақтарды анық, таза айтуға үйрету.

Бағдарламаның міндеттері: балалардың математика негізі туралы білімдерін толықтыра отырып, санай білу және санның құрамын ажырата білу дағдыларын қалыптастыру барысында санамақтар мен ойын есептерді қолдану;

- әр түрлі дамытушы ойындар түрлерін қолдана отырып, қосу, алу таңбаларын дұрыс пайдалана білуге, суретті есептер арқылы бір және екі таңбалы сандық есептерді шығара білуге үйрету;
- балалардың уақыт өлшемдері мен кеңістікті бағдарлай білу дағдыларын ойын түрлері арқылы қалыптастыру, математикалық ойын есептер, санамақтардың түрлері арқылы санай білу дағдыларын жетілдіру, толықтыру.

Күтілетін нәтиже:

- сандардың құрамын ажырата біледі, сандарды санау барысында сөздерді дұрыс анық айта алады;
- қосу және алу таңбаларын пайдалана отырып, есептер шығара біледі;
- әр түрлі деңгейдегі санамақтарды айта алады, уақыт өлшемдері мен кеңістікті бағдарлау түрлерін меңгереді.

«Сандар сөйлейді» бағдарламасы 5-6 жас аралығындағы мектепалды даярлық топ балаларына арналған жылына 36 сағат, аптасына 1 рет, 25-30 минут бойы жүргізіледі. Бағдарлама 1 жылға арналып дайындалған.

«Бопай» балабақшасының «Жақсы бала -осындай» бағдарламасына

П І К І Р

Мектепке дейінгі жасында бала ағзасының дамуы ең көп интенсивті кезеңі болып табылады. Бала дүниеге шыр етіп келген күннен бастап ана-анасы және оның айналасындағы адамдар мен тығыз байланыста өмір сүреді. Олар күнділікті өмірде ересектермен, өз құрбыларымен бірлесе әрекет ете отырып, әрбір іс-әрекеттің мән-мағынасын, міндетін, қарым-қатынас ережелерін біртіндеп меңгере бастайды.

Берілген бағдарламаның маңызы: баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту, ойын терең жетілдіруі мен адамгершілікке баулу қасиеттерін көздейді. Бағдарлама балалардың жас ерекшеліктеріне сай құрылған.

Бағдарламаның мақсаты: балаларды жақсы әдетке үйрету, олардың бір-бірімен дос болуы, бір-бірімен жақсы қарым-қатынасты болып, балаларды бауырмал, ізетті болуға тәрбиелеу. Өз елін, жерін сүйуге, еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа, имандылыққа, үлкендерді құрметтеуге, тиянақтылыққа, тазалыққа үйрету. Сондықтан да осы мақсатты негізге ала отырып, ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде дидактикалық ойындар мен сөзжұмбақтар, көркемсөздер, қызықты әңгімелер мен өлеңдер ойын түрінде қолданылады. Бағдарлама көркем әдебиет, валеология, қоршаған ортамен танысу пәндерімен тығыз байланысты.

Бұл бағдарламаның негізі міндеті: балалардың өз елін сүйуге, еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа, имандылыққа, үлкендерді құрметтеуге тәрбиелеуге, тиянақтылыққа, тазалыққа үйретіп, олардың жан-жақты дамуына үлес қосады.


Ұйымдастырылған оқу қызметінің негізі – ойын жаттығулар, дамытушы және дидактикалық ойындар, шығармашылық тапсырмалар бойынша берілген. Әрбір тақырыпта бағдарламалық міндеттер, ойындар мен жаттығулар көрсетілген.

Бағдарламаның тілі жеңіл, мазмұны түсінікті, баланы ойландырып, толғандыратын ертегі, аңыз, әңгімелер, өлең-тақпақтардың қай-қайсысы да баланың сәбилік сезімін селт еткізіп, жан дүниесіне қозғау салады, санасына сәуле түсіреді деп ойлаймын. Бұл бағдарламаны жүзеге асыру үшін, тәрбиешілер ата-аналармен бірлесе отырып жұмыс жасаған тиімді. Сондықтан да бұл бағдарламаны оқу- тәрбие процесінде вариативтік бөлім ретінде енгізуге болады деп есептеймін.

Пікір беруші:

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Педагогика, психология және бастауыш оқыту кафедрасының доценті,
педагогика ғылымдарының кандидаты

Адильшинова З.У.



№	Тақырыбы	максаты	Сағат саны
1	«Кел, танысайық!»	Балаларды өз тобымен және топтағы балалармен таныстыру; қабылдайтын, ұйықтайтын, жуынатын, ойнайтын бөлмелермен таныстыру. Әр баланың тұрақты отыратын орнын, шкафын, төсегін, жуынатын бөлмесі туралы түсініктерін бекіту. Таза, ұқыпты ұстауға достарымен тату болуға үйрету.	1
2	«Әдептілік белгісі – иіліп сәлем бергені»	Әдептілік- әдемілік, ізетілік ізгі сезімдерге тәрбиелеу. Ізгі сөздермен таныстыру. «Әдептілік белгісі-иіліп сәлем бергені»деген мақалдың мағынасын түсіндіру, Үлкенді құрметтеуге, кішіге көмек бере білуге үйрету.	1
3	Танысу жолдары	Әр баланың қайталанбайтын жеке тұлға екендігін ұғымдыру. Өз-өзін таныстыра білуін қалыптастыру, сөйлемдерді толық айта білуге дағдыландыру. Өз есімінің қандай мағына беретіндігін айтып беруге үйрету.	1
4	Әдептілік әмітесі	Балаларды әдептілік әлеппесімен таныстыру, өзара сыйластық, сүйіспеншілік сезімдерін дамыту, тіл байлығын қалыптастыру, сөздік қорын жаңа сөздермен байыту. Тақпақ жаттату.	1
5	«Тазалықтың досы»	Балаларды тазалық пен ұқыптылыққа, әсемдікке тәрбиелеу. Ұқыптылық, жағымды әдеттер туралы түсініктерін кеңейту. Өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын дамыту. Тазалықтың досы су туралы түсінік беру	1
6	«Дастархан басында»	Балаларды асқа, яғни тамаққа отырар алдында қолды жууға, дастархан басында әдептілікті сақтай білуге, тамақты асықпай ішуге, дәмді тағам үшін алғыс айтуды және асқайтара білуді үйрету.	1
7	Астынаның әділеті	Балалардың дастарханды дайындау шеберлігін дамыту, дастарханға ыдыс-аяқ пен қасық, шанышқыларды қою әдістерімен таныстыру. Үлкендердің еңбектерін бағалай білуге тәрбиелеу. Дастархан басында сөйлеуге болмайтындығын түсіндіру.	1
8	Практикалық іс-әрекет	«Дастархан жасау» сайысы. Дастархан жасау шеберлігіне және бір-біріне деген сыйластыққа үйрету. Сәнді жайылған дастархан басында әдемі боп отыра білулерін қалыптастыру.	1
9	«Мен көмекшімін»	Көмекші, көмектесу ұғымдары туралы балаларға түсінік беру, бір-біріне киім кигенде немесе ойын үстінде, ас мәзірін дайындауға, ҰОІӨ-і барысында көмектесе білу дағдыларын қалыптастыру.	1
10	Біздің шаңырақ-мының отбасым	Балаларға отбасы туралы түсінік беру, отбасы туралы жағымды қарым-қатынастарын дамыту, отбасына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1
11	Менің үйім-мен	Балаларды балабақшада ғана емес үйде де	1

Р. Илсә

	ұқыпты баламын.	ұқыптылыққа, тазалыққа, өз бөлмесін таза ұстауға үйретіп тәрбиелеу.Түймелерін сала білуге,киімдерін жинай білуге үйрету	
12	Әдептілік отбасынан басталады	Отбасындағы әдептілік туралы түсініктері кеңейту, жағымды қарым-қатынас дағдыларын дамыту, әдептілікке, сыпайлыққа тәрбиелеу.	1
13	Менің достарым.	«Достық» құндылығы туралы түсінік беру, достарға деген мейірімді қарым-қатынасқа үйрету, достаса білуге тәрбиелеу.Ойын барысында, іс-әрекет барысында өз-ара тату ойнай білу дағдыларын қалыптастыру.	1
14	Достармен бірге	Адал дос туралы түсінік беру, адалдық қасиеттерін дамыту, адал дос болуға тәрбиелеу.айналадағы қоршаған ортаға мейірімді болуға тәрбиелеу.Көркем сөздер арқылы адал достыққа тәрбиелеу.	1
15	«Қонақ келсе қуаныш»	Қонақжайлылық туралы түсінік беру. Жағымды қарым-қатынас дағдыларын дамыту, әдептілікке тәрбиелеу.Үлкенге құрмет көрсете білу дағдыларын дамыту.	1
16	Біз қонаққа барамыз.	Балаларды қонаққа барғанда өз-өзін әдепті ұстауға, өзара сыйластыққа, бір-біріне сыйлық беруге,жылы сөздер айтуға үйрету.Қонақ күте білу рәсімін іс – жүзінде көрсету арқылы,қазақ халқының қонақжайлық дәстүрін көрсетіп тәрбиелеу.	1
17	«Не жақсы, не жаман?»	Адам бойындағы құнды қасиеттер туралы түсініктерін кеңейту, жақсы мен жаманды айыра білуге үйрету. «Жақсы деген немен,жаман деген немене?» тақырыбындағы өлең сөздерін оқып, мағынасын түсіндіру.Жақсылыққа жақын болуға,ал жаман нәрседен қашық болуға ерте жастан тәрбиелеп, дағдыландыру.	1
18	«Кітап-білім бұлағы»	Балаларды кітаптарды жыртыпай, таза, ұқыпты ұстауға, пайдалануға үйрету. Ерте жастан балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру.Кітаптың адамдарға беретін пайдасы туралы айтып түсіндіру. Әр түрлі тақырыптағы кітаптарды тамашалау.	1
19	«Біздің сүйікті балабақшамыз»	Балаларға мәдени және ұйымдасқан тәртіп машықтарын, әдістерін және балабақшадағы міндетті түрде орындау қажетті ережелерін үйрету. Ойыншықтарға ұқыпты қарау, тазалық сақтауға жаттықтыру. Айналасындағы адамдарды жақсы көруге,сыйлай білуге, құрметтеуге тәрбиелеу.	1
20	КВН «Жақсы бала-осындай»	Балалардың ойын арқылы әдептілік туралы алған білімдерін, іскерліктерін қорытындылау.Балалардың бойындағы жақсы қасиеттерді дамытуға ықпал ету, адамгершілікке тәрбиелеу.	1
21	Театрға саяхат.	Балаларды ерте жастан бастап театрда өз-өзін ұстау ережелерімен таныстыру, театрда өзін әдепті ұстауға,қыйсынсыз әңгімелер айтпауға үйрету.	1
	«Емханаға	Балаларды емханаға барғанда тәртіпті болуға үйрету,	1

Т. Алеев

22	барамыз»	көп жыламауға, дәрігердің кеңестерін орындап, алғыс айтып, қоштасып кетуге баулу. Көркем сөздер арқылы балалардың бойында жақсы қасиеттерді қалыптастыру.	
23	«Дүкенге саяхат»	Балаларды қоғамдық жерлерде өздерін тәртіпті ұстауға үйрету, сыпайы сөздерді айтуға қалыптастыру. Үлкендердің еңбегін бағалай білуге дағдыландыру. Жақын маңдағы дүкенге саяхатқа алып бару, жолда жүру ережелерін сақтай білуге жаттықтыру.	1
24	«Кафеде кездесу»	Балаларды қоғамдық жерлерде өздерін тәртіпті ұстай білуге үйретуді жалғастыру, дастархан басында әдепті болуға тәрбиелеу	1
25	«Біздің алтын анамыз!»	Бала мен ананың арасындағы байланысты түсіндіру, ананы сыйлай білуге, құрметтеп, қадірлей білуге тәрбиелеу. Ана мен бала арасындағы махабатты, өзара сүйіспеншілікті бағалай білуге дағдыландыру.	1
26	«Табиғат бұрышындағы еңбек».	Балаларды топ бөлмесіндегі, яғни табиғат бұрышындағы гүлдерді күтіп –баптай білуге, тазалықты сақтай білуге тәрбиелеу. «Табиғат», «денсаулық», «әсемдік» ұғымы туралы түсініктерін кеңейту.	1
27	«Еңбек етсең ерінбей»	Балалардың еңбек туралы түсініктерін кеңейту, еңбек ету дағдыларын дамыту, еңбексүйгіштікке баулу. Сонымен қатар үлкендер еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.	1
28	«Мен осындай баламын!»	Адам бойындағы жақсы қасиеттер туралы түсініктерін бекіту. Өзара жақсы қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Өзін құрметтей, бағалай білуге тәрбиелеу.	1
29	Көлікте.	Балаларды қоғамдық транспорттардың ішінде ережелерді сақтай білуге, басқа жолаушылармен қарым-қатынас ережелері туралы түсіндіру, сыпайы қарым-қатынас жасай білуге үйрету. Мейірімді, сыпайы болуға үйрету, қоршаған ортаға жақсылық жасай білуге тәрбиелеу.	1
30	«Серуенге шығамыз»	Балалардың серуенге шыққанда ереже тәртіптерін сақтай білулерін қадағалап үйрету, бақылауға, еңбекке баулу, серуен кезінде ойын алаңдарындағы ойыншықтармен тату ойнай білу дағдыларын қалыптастыру және тәрбиелеу.	1
31	«Мен ұқыпты боламын!»	«Ұқыптылық» ұғымның адамгершілік құндылық ретіндегі мәні ашу, ұқыптылық, жағымды әдеттер туралы түсініктерін кеңейту; ұқыптылыққа, жағымды әдеттерге тәрбиелеу. Өз заттарына ұқыпты қарай білуге дағдыландыру.	1
32	«Мен елгезек баламын»	Балалардың елгезектік туралы түсініктерін кеңейту; үлкендердің өтінішін, тапсырған ісін орындауға үйрету; өзара жағымды қарым-қатынастарын қалыптастырып дамыту.	1
33	«Бірлігіміз жарасқан!»	Балалардың достық және бірлік туралы түсініктерін кеңейтіп тиянақтап, ұйымшылдыққа тәрбиелеу, өзара жағымды қарым-қатынастарын дамыту. Барлық ұлтын	1

Handwritten signature

		тату-тәтті өмір сүретіндігі туралы түсініктерін кеңейту.	
34	«Өнердің ғажайып әлемі»	«Өнер» ұғымы туралы балаларға жас ерекшеліктеріне сай түсінік беру, өнерге деген, өнер түрлеріне деген қызығушылықтарын арттыру, өнерлі болуға тәрбиелеу.	1
35	«Тиым сөздер»	Балаларға қазақ халқының «тиым сөздері» туралы толық түсінік беру және әлеуметтік өмірде колдана білуге дағдыландыру. Тиым сөздер: босағаға керілме, суға түкірме, үй айналып жүгірме, отты баспа, күлді шашпа, бас киімді теппе, үйдің ішінде ысқырма және т.б	1
36	«Біз әдепті баламыз!»	Жыл бойы алған әдептілік, ізеттілік туралы ережелер мен білімдерін тиянақтап бекіту, адамгершілікке нормаларын өмірде колдана білуге тәрбиелеу.	1
	Барлығы:	36 сағат	

Р. Илмұ

Қолданылған әдебиеттер тізімі.

Негізгі әдебиеттер:

1. Жаневаның Ж.Ж. «Әдептану» ертегілері, Ақтөбе облысының тілдерді дамыту басқармасы тілдерді оқыту орталығы, 2010ж.
2. Богуславская Н.Е., Купина Н.А. Веселый этикет (учебное пособие по развитию коммуникативных способностей ребенка). – Екатеринбург: “ЛИТУР”, 2002. – 192
3. Е.Өтетілеуұлы «Әдептілік, әдемілік», Алматы кітап, 2009ж.
4. Шорыгина Т.А. Вежливые сказки: Этикет для малышей. – М.: Книголюб, 2004. – 64с. (Развивающие сказки для детей.)

Қосымша әдебиеттер:

1. Крохина И.М. “Всё об этикете”. Москва, 2005 гг
2. Лихачёва Л.С. “Уроки этикета”. Екатеринбург, 2010г.
3. Николаева Т.Н. “Этикет и мы”. С.-Пб, 2003 г.
4. Насонкина С.А. Уроки этикета/ Худ. И.Н. Ржевцева. – СПб.: Изд-во “ДЕТСТВО-ПРЕСС”, 2013г.
5. «Отбасы және балабақша», «Бала мен балабақша» журналдары № 2,4,6, 2012-2013жж.